

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

"Аватар" аудармасында көрермендер үшін аударманың табиғи және түсінікті болуы үшін аударма тілінің локализациялық ерекшеліктері де ескерілді. Мысалы, орыс тілінің грамматикалық және синтаксистік ерекшеліктері, мысалы, сөз сатау ерекшеліктері және фразеологизмдер ескерілді.

Жалпы, "Аватар" фильмінің аудармасы жоғары дәрежеде кәсібилікпен және аударма тілінің барлық нюанстары мен ерекшеліктерін ескере отырып орындалды. Аудармашылар барлық мағына мен контекстті жеткізе алды деген қорытындыға келуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Аниол, А. В. Межкультурная коммуникация и проблемы восприятия иностранных фильмов / А. В. Аниол, А. А. Ковалева // Наука и общество в эпоху технологий и коммуникаций : материалы международной научно-практической конференции, Москва, 03 декабря 2015 года. – Москва: Московский университет им. С.Ю. Витте, 2016. – С. 271-279. – EDN VXRVHZ.
2. Ахметзянова, Т. В. Перевод названий кинофильмов в контексте межкультурной коммуникации / Т. В. Ахметзянова // Проблемы модернизации современного высшего образования: лингвистические аспекты. Лингвометодические проблемы и тенденции преподавания иностранных языков в неязыковом вузе : материалы VIII Международной научно-методической конференции, Омск, 20 мая 2022 года. – Омск: Омский автобронетанковый инженерный институт, 2022. – С. 12-15. – EDN VVG0VS.

ӘОЖ 16.21.49

ӘРТИПТЕС ТІЛДЕРДЕГІ МАҒЫНАЛАС ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ЖӘНЕ АУДАРМА

Кемелбекова Асел Жаркинбековна

kemelbekova-assel@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Қазақстан, Астана
Ғылыми жетекшісі –Сәтенова С.К.

Мақала қазақ және ағылшын тілдеріндегі мағыналас фразеологиялық бірліктерді талдауға арналды. Семантикалық тұрғыдан алғанда фразеологиялық бірліктер құрамдас бөліктерінің санына карамастан, тұтас ұғымдар ретінде қабылданады және сол арқылы лексикалық бірліктерден ерекшеленеді. Бірақ фразеологизмдер заттың, құбылыстың, ұғымның атын ғана атап қоймай, олардың белгілерін эмоционалдық-экспрессивтік тұрғыдан да сипаттайды.

Зерттеу барысында фразеологиялық бірліктердің тілдің лексикалық бірліктері сияқты құрамы және мағынасы жағынан әр түрлі болып келетіндігі, сонымен қатар кейбірі тілде бірнеше мағынаны білдіретіндігі анықталды. Сондай-ақ фразеологиялық бірліктер лексикалық бірліктер сияқты мағыналық жағынан синоним, антоним, омоним ретінде сараланады.

Түркі тобындағы басқа тілдердегі сияқты қазақ тілінде де тұрақты және ауыспалы компоненттері бар синонимдік фразеологиялық бірліктер өте көп және олардың саралануы ауыспалы компоненттердің семантикасына қарай жүреді. Синонимдік фразеологиялық бірліктердің осы ерекшеліктерін талдай отырып, З.Г.Ураксин құрамы жағынан ауыспалы фразеологиялық бірліктердің ішкі формасын сақтайтынын, мағынасының лексикалық тіркеспен байланысатынын дұрыс атап көрсетеді [4; 2]. Компоненттердің ауыспалылығы етістікті және атрибутивтік тіркестерге тән. Компоненттердің орын ауыстыруынан туындайтын лексикалық және фразеологиялық синонимдер құрылымы жағынан ұқсас. Компоненттерінің ауысуы арқылы жасалған вариант фразеологиялық бірліктер мағыналық

және стильдік реңктерге ие болып, синонимдік бірліктерге айналады. Компоненттердің ауыспалылығы фразеологиялық бірліктердің синонимдік құрамын толықтырудың бір жолы.

Синоним немесе мағыналас фразеологиялық бірліктерге бір ұғымды білдіретін, бірақ құрылымы, стильдік бояуы, қолданылу аясы бойынша әр түрлі фразеологиялық бірліктер жатады. Өзара туыс емес қазақ және ағылшын тілдерінде абсолютті фразеологиялық синонимдер кездеспейді деп айтуға болады, өйткені фразеологиялық бірліктердің синонимдік қатынасы негізінен олар білдіретін ұғымдардың, құбылыстардың, объектілердің мағыналық мазмұнының ортақтығымен анықталады. Демек, абсолютті немесе ғалым А. Алдашеваның ұсынған терминімен атар болсақ, өзара теңбе-тең балама фразеологизм болуы үшін мағыналық әрі құрамы мен құрылымында да сәйкестік болуы қажет [2; 48]. Сөйлеу барысында синонимдік фразеологиялық бірліктер ауыспалы стильдік элементтер ретінде әрекет етеді, дегенмен олар әрқашан өзара алмастыруға бейім емес.

Бұл мәселені зерттеу үлкен ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады, өйткені қазақ және ағылшын тілдері фразеологиялық синонимдердің байлығымен сипатталады, белгілі бір дәрежеде тілде табиғи түрде әлдеқайда кеңірек кездесетін лексикалық синонимдермен бәсекелеседі. Мұны, бәлкім, фразеологиялық бірліктердің құрылымының күрделілігімен және олардың вариациялық мүмкіндіктерінің кеңдігімен түсіндіруге болады. Сонымен, мысалы, белгілі бір ұғымды синонимдік фразеологиялық бірліктердің тұтас тізбегі арқылы беруге болады. Мысалы: *тауы шағылу, жүні жығылу, мойнына су құйылу*, дегенмен аталған мағыналас тұрақты тілдік бірліктердің өзіне тән кейбір ерекшеліктері де бар.

Фразеологиялық бірліктер қатарының мағыналық жақындығын үлкен нақтылығымен ерекшеленетін лексикалық синоним тұрғысынан емес, фразеологиялық бірліктердің жалпылама, бейнелі, бояулы семантикасы тұрғысынан қарастырған жөн. Фразеологиялық бірліктердің семантикасының бұл ерекшелігін келтірілген мысалдардан анық байқауға болады, мұндағы «көңілі түсу, құлазу» мағынасы бір емес, әртүрлі психологиялық күйді білдіреді, әртүрлі стильдік реңктерге ие. Олар бір жалпы ұғымды білдірсе де, лексикалық синонимдер тәрізді бірін-бірі алмастыра алмайтынын ерекше атап өткен жөн. Бұл зерттеуімізде лексикалық синонимдер емес, бір единицаның екіншісімен ауыстырылуын стилистикалық тұрғыдан анықтауға болатын фразеологиялық бірліктердің синонимдік қатары қарастырылады. Мысалы: *not to see the wood for the trees* – орыс тілінде *за деревьями не видеть леса* тұрақты тіркестерін мағынасы, стилистикалық бояуы, астарлылығы жағынан қазақ тілімен сәйкес келетін *көрмес түйені де көрмес* бейнелі тіркесі арқылы аударсақ болады. Ішінара фразеологиялық баламаларға негізделген аудармада фразеологиялық бірліктің мағынасы сәйкес келгенімен, бейнелілігі тұрғысынан толық сәйкестік болмауы мүмкін.

To keep the eyes shut - бір нәрсеге көз жұма қарау, *not to move a finger* - қолының ұшын қимылдатпау, *to become widely known* – жария болу, әшкере болу [1; 374], *түймедейді түйедей ету* - *make a mountain out of the molehill*, *табанын жалтырату* - *to leave hurriedly* фразеологизмдерін мағыналас оралымдар қатарына жатқызып, аударма барысында тиімді қолдануға болады. Сонымен ғалымдардың пайымдауларына сүйене отырып, екі не бірнеше тілде мағыналас фразеологизмдер болуы мүмкін, алайда толық фразеологиялық эквиваленттер болуы үшін мағынасы, лексикалық құрамы, бейнелілігі, стилистикалық бояуы және грамматикалық құрылымы жағынан сәйкестік болуы тиіс деген тұжырымға келдік.

Жоғарыда аталған фразеологиялық баламаларды аудармада үйлесімін тауып пайдалануға болады деп есептейміз. Аударма барысында лексикалық бірліктерге қарағанда фразеологизмдердің бар болған жағдайда баламасын беру арқылы айтылар ойдың бейнелілігі мен астарлылығын қамтамасыз етуге болады.

Тіл-тілдегі фразеологизмдердің өзара сәйкес, мәндес келуі, шынында да аударманың жатық, түсінікті болуына септігін тигізеді. Қазақ және ағылшын тілдері өзара туыс тілдер тобына жатпайтыны белгілі, сондықтан екі тілдегі толып жатқан өзіндік ерекшеліктері де бар. Өзара туыс емес тілдердің бірінен-біріне аудару үдерісі оңайға соқпайды, сондықтан

аударылатын тілден фразеологизмдердің баламасын іздеу қажет. Осы орайда, В.Н.Комиссаровтың «аударма барысында фразеологиялық бірліктердің мағыналарын, эмоционалдық-стилистикалық ерекшеліктерін сақтау қажет» деген пікірін қолдаймыз.

Синоним сөздер мен сөз тіркестерін зерттеудегі контекстің ерекше рөлін В.В.Виноградов былай атап көрсетеді: «Лексикалық және фразеологиялық синонимдерді әртүрлі сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдік мағынасына қарай кеңейтуге болады» [3;3]. Синоним сөздер сөйлем мүшелеріне қарай топтастырылатыны белгілі. Ал фразеологиялық синонимдерге келетін болсақ, олар үшін грамматикалық біртектілік қажет емес.

Жоғарыда аталған фразеологиялық бірліктердің грамматикалық құрылымы әртүрлі, бірақ мағыналарының жақындығы оларды бір синонимдік қатарға қоюға мүмкіндік береді. Бірақ бұдан фразеологиялық синонимдер сөйлем мүшелеріне қарай топтастырылмайды деген қорытынды жасауға болмайды және олардың грамматикалық құрылымы неғұрлым жақын болса, синонимдік байланыстары соғұрлым тығыз болады.

Қорыта айтқанда, қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестерді зерттеу нәтижесінде мағыналас және керісінше, қарсы мәнді фразеологиялық бірліктердің баршылық екендігі анықталды.

Қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық қорында фразеологиялық бірліктердің ауқымды тобы бар. Сөздердің мағыналарын кеңейтуде метафоралық, метонимдік және басқа да стильдік құралдар басты рөл атқарса, олар фразеологиялық бірліктердің жасалуында да негізгі фактор болып табылады.

Қай тілдің болмасын фразеологиялық қорында фразеологизмдермен қатар идиомалық бірліктер де көптеп кездеседі және зерттеу барысында олардың аудармада ерекше қиындық туғызатындығы анықталды. Тілдердегі мағыналас фразеологизмдер қатарын анықтауға болады, алайда астарлы мағынаға ие, мағынасы күңгірт келетін идиомалық бірліктердің аударма барысында көбіне түсірілетіні немесе жалпы мазмұны лексикалық бірлік арқылы жеткізілетіні айқындалды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лубенская С.И. Большой русско-английский фразеологический словарь, М.: АСТ-Пресс, 2004, 1056 с.
2. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер Алматы, 1999, 199 б.
3. Виноградов В. В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке // Виноградов В. В. Лексикология и лексикография. Избранные труды. Наука, 1977, 161 с.
4. Ураксин З.Г. Словарь синонимов башкирского языка. Уфа, 1985, 164 с.
5. Кунин А. В. Курс фразеологии современного английского языка. Дубна : Феникс+, 2005, 488 с.

УДК 81-4

«ОТРАЖЕНИЕ ГЕНДЕРНЫХ РАЗЛИЧИЙ В ПЕРЕВОДЕ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»

Кенжегалиева Молдир Мэлскызы

kenzhegaliyeva1903@gmail.com

магистрант 2 курса обучения образовательной программы

7М02302 – Переводческое дело, Филологического факультета

Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - доктор PhD Ескиндинова Маншук Жумабаевна